**«БЕКІТЕМІН »**
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректор өкілі
(І Вице-ректор)
_____________________ Ж.Томар
«24» ____11____ 2021 ж.

**«БЕКІТЕМІН»**
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
_____________ Ж.Темирбекова
«24» ____11____ 2021 ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ**

**УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**

***УЕ-ХҚТУ-105-2021***

# Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстары туралы ЕРЕЖЕСІ

***АЛҒЫ СӨЗ***

1. Жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер:
   – Жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімінің басшысы Г.Балкибаева
   – Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков
   – Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева
3. Келісілді:
   – Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
   – Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
   – Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен
   – Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
   – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2021 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2023 ж.

К.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
ЖҰМЫС ДАНАСЫ
№ 160
"24" 11 2021 ж.

**Қызметтік қолданыс үшін басылым**

**Түркістан, 2021**

**Мазмұны**

1. Қолданылу саласы ______ 3

2. Нормативтік сілтемелер ______ 3-4

3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар ______ 4

4. Жалпы ережелер ______ 5-8
   4.1. Жалпы ереже – магистратура білім беру бағдарламасы бойынша
   4.2. Жалпы ереже – докторантура білім беру бағдарламасы бойынша
   4.3. Ғылыми семинар – докторанттар мен магистранттарға қойылатын жалпы талаптар

5. Магистранттың және докторанттың ғылыми-зерттеу/ эксперименттік зерттеу жұмыстары бойынша ______ 8-13
   5.1. Магистратура білім беру бағдарламасы бойынша
   5.2. Докторантура білім беру бағдарламасы бойынша

6. Өзгерістерді енгізу тәртібі ______ 13

7. Келісу, сақтау және тарату ______ 13

8. Қосымша-1 ______ 14-22
   Қосымша-2 ______ 23-33
   Қосымша-3 ______ 34-37
   Қосымша-4 Танысу парағы ______ 38
   Қосымша-5 Өзгерістерді тіркеу парағы ______ 39

## 1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (бұдан әрі - университет) магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары негізінде білім алатын барлық білімгерлердің ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстары бойынша басқару процесіне қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл Ереже университеттің ішкі нормативтк құжаты болып табылады және магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары бойынша жауапты барлық кафедраларына таратылады.

1.3 Бұл Ережені университеттің магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары негізінде білім алатын барлық білімгерлер негізгі нұсқаулық ретінде қолданады.

1.4 УЕ-ХҚТУ-105-2021 Ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- Университет ережесін даярлау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды және сілтеме жасалынды:
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV «Ғылым туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы: «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Магистратура, Докторантура бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы, ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №563 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығының «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы (Классификатор)» ҚР БҒМ 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы, ҚР БҒМ 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №507 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрығы;

- «Докторлық диссертацияларды қорғауды ұйымдастыру мен өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген) Ғылыми дәрежелерді беру қағидалары» (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда);
- УЕ-ХҚТУ-062-2021 Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша диссертация/жоба тақырыбы және ғылыми жетекшісі туралы ереже (27.10.2021 ж. бектілігеи ереже);
- ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару.

## 3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Анықтамалар:

БҒЗЖ/БЭЗЖ (*students' research and experimental work*) – білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік-зерттеу жұмысы. Ол білім алушылардың санатына қарай (магистранттың) *МҒЗЖ/ЭҒЗЖ* және (докторанттың) *ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ* болып бөлінеді

**Ғылыми-зерттеу жұмыстары** – ғылыми ізденуге, зерттеулер мен тәжірибелер жүргізуге бағытталған жаңа білім алуға, ғылыми гипотезаларды сынау табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын белгілеу сонымен қатар ғылыми синтездеуге, жобаларды ғылыми тұрғыда негіздеуге байланысты жұмыстар. Ғылым мен тәжірибенің технологиялық жетістіктеріне негізделген және заманауи зерттеу әдістері қолданылған магистрлік, докторлық ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бөлімі мен бөлімдерін қамтиды.

**Эксперименттік-зерттеу жұмыстары** – диссертациялардың әдіснамалық, практикалық аспектілерін енгізілген және экономикалық-математикалық әдістер қолданылған, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің ерекше әдістері – әлеуметтік зерттеулер, эксперимент, байқау және т.б.жасалынған жұмыстар.

3.2 Университеттің осы ережесінде төмендегі қолданылатын қысқартулар:

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УЕ - Университет ережесі;

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ЖЖОКБҰ – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;

ЖБКОБ – Жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімі;

ҒЗИ/ҒЗО – Ғылыми зерттеу институты/Ғылыми зерттеу орталығы;

БББ – Білім беру бағдарламасы;

ДҒЗЖ/ ЭҒЗЖ – Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік ғылыми-зерттеу жұмысы;

БЭЗЖ/БҒЗЖ – Білім алушының эксперименттік-зерттеу/ғылыми-зерттеу жұмысы;

МҒЗЖ/ ЭҒЗЖ – Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы/эксперименттік ғылыми-зерттеу жұмысы;

DBA - іскерлік әкімшілендіру докторы (бұдан әрі – DBA (ДиБиЭй)) – DBA бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

СРСО – Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы.

## 4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

*4.1. Жалпы ереже – магистратура білім беру бағдарламасы бойынша*

4.1.1 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша ғылыми-педагогикалық бағытта 2 (екі) жылдық мерзімде және бейінді бағытта 1,5 (бір жарым) жылдық мерзімде іске асырылады.

4.1.2 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

4.1.3 Бейінді бағыт бойынша магистратура экономика, медицина, құқық, білім, өнер, қызмет көрсету және бизнес, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік салалары, құқық қорғау қызметі үшін тереңдетілген кәсіптік даярлығы бар басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

4.1.4 Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды (1-қосымша үлгісіне сәйкес).

Магистранттың жеке жұмыс жоспары оқудың толық кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

1) жеке оқу жоспары (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);

2) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);

3) практика (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны);

4) негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы;

5) магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;

6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардан өту жоспары.

4.1.5 Магистратура бағдарламасының оқу үдерісі оқу жылы барысында әрбір БББ бойынша академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады. Магистратураның БББ мазмұны келесі аталған бөлімдерден тұрады:

1) теориялық оқыту, оған негізгі және бейіндік пәндер циклдарын оқу кіреді;

2) магистранттарды практикалық даярлау, оған: түрлі практикалар, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалар кіреді;

3) ғылыми-зерттеу жұмысы, оған: ғылыми-педагогикалық бағытта – магистрлік диссертацияны, ал бейінді магистратурада – эксперименттік зерттеу жұмысы, яғни магистрлік жобаны орындау кіреді.

4) қорытынды аттестаттау.

4.1.6 Магистрлер мен PhD докторларды даярлайтын кафедраларда мемлекеттік бағдарламаларға, іргелі немесе қолданбалы зерттеулер бағдарламаларына сәйкес және ұлттық басымдықтарға, негізгі қолданбалы зерттеулер бағдарламаларына (бюджеттік бағдарламалар, университеттің даму стратегиясы және т.б.) сәйкес магистрлік диссертациялар/жобалардың тақырыптары (диссертациялар/жобалар тақырыптары базалары) қалыптастырылады және диссертациялар/жобалар тақырыптарының дерекқорлары жыл сайын жаңартылып, оларды Ғылыми зерттеулер бөлімінің сараптамалық қорытындысы негізінде ғылым және стратегиялық даму жөніндегі вице-ректор бекітеді. Сонымен қатар қажет болған жағдайда, білім алушы бұрын қол жеткізілген нәтижелерімен байланысты және басқа да өз бетінше таңдаған тақырыптарды да таңдай алады.

*4.2. Жалпы ереже – докторантура білім беру бағдарламасы бойынша*

4.2.1 докторантура білім беру бағдарламалары бойынша ғылыми-педагогикалық бағытта 3 (үш) жылдық мерзімде іске асырады.

4.2.2 PhD докторантурада кадр даярлау магистратураның білім беру бағдарламалары негізінде, ғылыми-педагогикалық және бейіндік докторантурада, соның ішінде DBA бағдарламалары бойынша – магистратура немесе бейіндік магистратураға теңестірілген арнайы жоғары білім негізінде жүзеге асырылады.

4.2.3 Философия (PhD) докторын даярлау бойынша білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытта іске асырылады және білім беру, әдіснамалық және зерттеушілік бағыттарда іргелі даярлықты әрі жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім жүйесі мен ғылыми салаға арнап PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін тиісті ғылым салалары бағытында пәндерді тереңдетіп оқуды көздейді.

4.2.4 Философия докторы (PhD) даярлаудың дәстүрлі бағдарламаларына қарағанда, бейіндік докторды даярлау бағдарламалары ұлттық экономика, мемлекеттік әкімшілендіру және басқару, мемлекеттік қызметтер салаларына, халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат саласына, әлеуметтік салаға және тағы басқа салаларға арнап бейін бойынша доктор дәрежесін алу үшін кәсіби даярлық пен пәндерді тереңдетіп оқуды көздейді.

4.2.5 Докторант ғылыми консультанттардың жетекшілігімен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде оқиды (2-қосымша үлгісіне сәйкес).

Докторанттың жеке жұмыс жоспары барлық оқу кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерден тұрады:

1) жеке оқу жоспары (қажет болған жағдайға жыл сайын нақтылануы мүмкін);

2) ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (зерттеу тақырыбы, бағыты, мерзімі мен есеп беру нысаны);

3) практика (бағдарламасы, бағасы, мерзімі және есеп беру түрі);

4) негіздемесі мен құрылымы көрсетілген докторлық диссертацияның тақырыбы;

5) докторлық диссертацияны орындау жоспары;

6) ғылыми басылымдар мен тағылымдамадан өту, оның ішінде шетелдік тағылымдамадан өту жоспары.

4.2.6 Докторантура бағдарламасының оқу үдерісі оқу жылы барысында әрбір БББ бойынша академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады. Докторантураның білім беру бағдарламасына төменде аталғандар кіреді:

1) философия докторы бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін – педагогикалық және зерттеушілік практика;

2) бейіндік докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін – өндірістік практика.

4.2.7 Оқу үдерісіне қатысты ұйымдастырушылық мәселелерін жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімі (бұдан әрі - ЖБКОБ) жүзеге асырады.

*4.3. Ғылыми семинар – докторанттар мен магистранттарға қойылатын жалпы талаптар*

4.3.1 Семинардың мақсаты – докторант пен магистранттың ғылыми-зерттеу мәдениетін дамыту және оған зерттеуші дағдыларын қалыптастыруға, доктор/магистр ғылыми дәрежелерін алу үшін халықаралық стандарттардың талаптарына сай келетін докторлық диссертация, магистрлік диссертация/жоба дайындау мен жазып шығарудың жоғары сапасына қол жеткізуге жәрдем беру.

4.3.2 Семинардың міндеттері:

- тиісті салада басымды іргелі зерттеулерді дамыту;
- докторант пен магистрантқа жаңа технологияларды меңгерту, оның ғылыми зерттеулерді жүргізу әдіснамасы туралы ұғым-түсініктерін кеңейту және тереңдету;
- докторант пен магистрантқа жаңа білімге деген тұрақты қызығушылығын, проблемаларды айқындап, оларды шешудің оңтайлы жолдарын табуға қабілеттілігін қалыптастыру;
- жеке және кәсіби құзіреттерін, зерттеу қызметін орындау дағдыларын дамыту;
- сыни, талдау және креативті ойлауын қалыптастырып, дамыту;
- талдау жұмысы технологиясын меңгерту;
- докторант пен магистранттың жобаларын және зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерін талқылау;
- докторант пен магистрантқа таңдап алған тақырып бойынша өзінің жеке ғылыми зерттеуін дайындауы барысында кеңес түрінде көмек беру;
- докторант пен магистранттың ғылыми пікірталас жүргізу және зерттеу нәтижелерін көрсету дағдыларын қалыптастыру.

4.3.3 Докторанттар мен магистранттар ғылыми семинар аясында докторлық диссертация, магистрлік диссертация/жобаларын, зерттеулерін көрсетуге және оны алдын ала қорғауға, рецензенттердің сыни пікірлерін естіп-білуге мүмкіндік алады.

4.3.4 Ғылыми семинар сонымен қатар тақырыптық тұрғыда әралуан болып келетін бірнеше бағыт түрлерін де қамтиды:

- Шақырылған дәріскерлер. Семинардың бұл түрінде зерттеу саласындағы отандық және шетелдік танымал ғалымдардың және сол салада тәжірибемен айналысатын жетекші мамандардың баяндамалары тыңдалады;
- Жарыссөз нысанындағы семинарлар. Семинарлар қазіргі заманғы ғылым мен практиканың проблемалық мәселелерін талқылау нысанында құрылады.
- Ғылыми жобалар. Докторанттар мен магистранттар өз докторлық диссертация, магистрлік диссертацияларының әдістемелерін және жобаларының нәтижелерін көрсететін сабақтарды қамтиды.
- Жобалық семинарлар. Бұл нысандағы семинардың міндеті докторанттар мен магистранттардың ғылыми зерттеу жүргізу элементтерін іске асыруға, оларды өз жұмысының нәтижелерін көрсету және талқыға салуға, алдына жаңа міндеттерді қоюға және ғылыми үдерістің тағы басқа да бөлімдерін іске асыруға бейімдеу.
- Зерттеудің ғылыми негіздері. Докторант пен магистрантқа зерттеудің «ғылыми зертханасын» ашып көрсетуге арналған зерттеу эталондарының, зерттеу жүргізу әдіснамасының бірнеше көрсетілімін құрайды.

4.3.5 МҒЗЖ/ЭҒЗЖ, ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ тыңдап бағалау үшін магистрлер мен PhD докторларды даярлайтын кафедралар жарты жылдық және жылдық ғылыми семинарлар кестесін факультеттердің отырыстарында талқылап, оларды Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры бекітеді.

4.3.6 Семинарды ұйымдастыру мен жүргізу магистрлер мен PhD докторларды даярлайтын кафедраларға жүктеледі және ғылым жөніндегі декан орынбасарлары жауапты. Ғылыми семинарлар білім беру бағыттары бойынша ғалымдардың және/немесе ҒЗИ-ҒЗО-ның ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен өткізіледі.

## 5 МАГИСТРАНТТЫҢ ЖӘНЕ ДОКТОРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ/ ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША

*5.1. Магистратура білім беру бағдарламасы бойынша.*

5.1.1 Магистранттың 24/18 кредиттік жұмыс көлемін құрайтын ғылыми-зерттеу/ эксперименттік зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ/ЭҒЗЖ) магистратураның БББ міндетті құрамдас бөлігі болып табылады, ол ғылыми жетекшінің жетекшілігімен орындалады.

5.1.2 МҒЗЖ/ЭҒЗЖ барысында магистрант инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысып, зерттеулер жүргізеді, талдау жасап, осы жұмыстар барысында алынған материалдарды магистрлік жұмысына енгізеді.

5.1.3 МҒЗЖ/ЭҒЗЖ аясында магистранттың жеке жұмыс жоспарында ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті түрде өтуі көзделеді.

5.1.4 МҒЗЖ/ЭҒЗЖ оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе бөлек кезеңде жүргізу жоспарланады.

5.1.5 Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың МҒЗЖ-на қойылатын талаптар:

1) магистратураның магистрлік диссертация орындалып, қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сай келеді:

2) өзекті әрі ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар болады;

3) ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;

4) қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерді қолданып орындалады;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады;

6) тиісті білім саласындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделеді.

5.1.6 Бейінді магистратурадағы магистранттың ЭҒЗЖ-на қойылатын талаптар:

1) магистратураның магистрлік жоба орындалып, қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сай келеді:

2) ғылым, техника және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделеді және онда нақты практикалық ұсыныстар, басқарушылық міндеттердің дербес шешімдері беріледі;

3) озық ақпараттық технологияларды қолданып орындалады;

4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінен тұрады.

5.1.7 Магистрант академиялық күнтізбеде белгіленген күннен 1 апта (7 күн) бұрын МҒЗЖ/МЭЗЖ-ын Антиплагиат бағдарламасынан өткізіп, түпнұсқалығы 75 % және одан жоғары болған жағдайда семинарға жіберіледі.

5.1.8 Магистранттың МҒЗЖ/ЭҒЗЖ жұмысы Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры бекіткен семинарлар кестесіне сәйкес кеңейтілген кафедра мәжілісінде тыңдалып, бағаланады және хаттамамен рәсімделеді, алынған баға «Platonus» ААЖ-не енгізіледі.

5.1.9 Магистрант МҒЗЖ/МЭЗЖ нәтижелерін орындалу кезеңдеріне қарай (3-қосымша үлгісіне сәйкес) жарты жылдық немесе жылдық есеп түрінде жазбаша рәсімдейді

5.1.10 Магистранттың МҒЗЖ/ЭҒЗЖ соңғы қорытындысы магистрлік диссертация/жоба болып табылады.

5.1.11 МҒЗЖ/ЭҒЗЖ орындау кезеңдері:

| Семестр бойынша жұмыс нәтижелері: | |
| --- | --- |
| **1-ші (бірінші) семестр** | **2-ші (екінші) семестр** |
| – магистрант дайындайтын кафедраға 20 қыркүйекке дейін 1 курстың магистранты диссертация тақырыбын және ғылыми жекетшісін бекіту туралы факультет декан атына жеке өтінішін жазу;<br>– оқуға түскеннен кейін 2 (екі) ай ішінде диссертация/жоба тақырыбының Сенатта мәжілісінде бекітіліп, бұйрықтың шығуы;<br>– жеке жұмыс жоспарын бекіту және негізгі іс-шаралар мен оларды орындау мерзімдерін көрсете отырып, диссертацияны/жобаны ғылыми жетекшінің жетекшілігімен жазу жоспарын жасау;<br>– зерттеліп жатқан диссертация/жоба тақырыбы бойынша негізгі әдебиет дереккөздерін іріктеу және оқып-зерттеу;<br>– компьютерлік технологияларды қолданып, өңдеу және түсіндіру әдістерін таңдау;<br>– жеке жұмыс жоспарын орындауы және МҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелері бойынша магистран дайындайтын кафедрада мәжілісінде баяндау түрінде (3-қосымша үлгісіне сәйкес) жарты жылдық жазбаша есепті беру. | – диссертация/жоба тақырыбы бойынша заманауи әдебиеттерді толық талдау (отындық және шетелдік жетекші ғалымдардың тұжырымдамаларын, пікірлерін, теорияларын); қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарға шолу жасау; таңдалған зерттеу тақырыбы бойынша әлемдік тәжірибеге шолу жасау, сондай-ақ автордың әзірленімге жеке үлес қосуы;<br>– зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыс көлемінің кемінде 30%-ын орындау;<br>– диссертация/жоба тақырыбы бойынша нақты материалдар жинау, соның ішінде дерек жинау әдіснамасын, нәтижелерді өңдеу әдістерін әзірлеу;<br>– практика барысында зерттеу бойынша материалдар жинау;<br>– жарияланымға берілетін мақала жобасын талдау;<br>– жеке жұмыс жоспарын орындауы және МҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелері бойынша магистрант дайындайтын кафедрада мәжілісінде баяндау түрінде (3-қосымша үлгісіне сәйкес) жарты жылдық жазбаша есепті беру және факультет отырыстарында жылдық жазбаша есепті баяндау түрінде академиялық аттестаттаудан өту. |
| **3-ші (үшінші) семестр** | **4-ші (төртінші) семестр** |
| – зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыс көлемінің кемінде 80%-ын орындау;<br>– кемінде 1 (бір) ғылыми жарияланымы болуы немесе конференцияға қатысу;<br>– жеке жұмыс жоспарын орындауы және МҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелері бойынша магистрант дайындайтын кафедрада мәжілісінде баяндау түрінде (3-қосымша үлгісіне сәйкес) жарты жылдық жазбаша есепті беру. | – 2 (екі) апта ғылыми тағлымдамадан өту;<br>– диссертацияның/жобаның соңғы мәтінін дайындау;<br>– жұмысты плагиатқа тексеруге жіберу;<br>– диссертацияны/жобаны кафедраға ұсыну;<br>– диссертацияны/жобаны алдын ала қорғау;<br>– ғылыми жетекшінің пікірін алу;<br>– диссертацияны/жобаны рецензентке жіберу. |

5.1.12 Жыл сайын оқу жылы аяқталған кезде магистрант жеке жұмыс жоспарын орындауы және МҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелері бойынша факультет отырыстарында академиялық аттестаттаудан өтеді.

5.1.13 МҒЗЖ/ЭҒЗЖ орындау барысында магистрант академиялық адалдық кодексінде баяндалған академиялық адалдық ережелерін басшылыққа алып, олардың сақталмауы үшін тиісті жауапкершілік шараларын көтеруі тиіс.

*5.2. Докторантура білім беру бағдарламасы бойынша*

5.2.1 Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми бөлімі ғылыми-зерттеу (бұдан әрі – ДҒЗЖ) немесе эксперименттік зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ЭҒЗЖ) жұмысынан, ғылыми жарияланымдарынан, докторлық диссертацияны жазып, қорғауынан құралады.

5.2.2 Ғылыми бөлімнің көлемі докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 64%-ын немесе 115 академиялық кредитті құрайды.

5.2.3 Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушының ДҒЗЖ-на қойылатын талаптар:

1) докторлық диссертация қорғалатын докторантура бағдарламасының негізгі мәселелеріне сай келуі тиіс;

2) өзекті әрі ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы болуы тиіс;

3) ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;

4) деректерді өңдеу және түсіндірудің компьютерлік технологиялар қолданылатын заманауи әдістеріне негізделеді;

5) қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерді қолданып орындалады;

6) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

5.2.4 Бейіндік доктор бағдарламасы бойынша оқитын білім алушының ЭҒЗЖ қойылатын талаптар:

1) докторлық диссертация қорғалатын докторантура бағдарламасының негізгі мәселелеріне сай келуі тиіс;

2) өзекті әрі ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар болады;

3) ғылым, техника және өндірістің заманауи жетістіктеріне негізделеді және онда кешенді, қызметаралық сипаттағы міндеттер бойынша нақты практикалық ұсыныстар, дербес шешімдер беріледі;

4) озық ақпараттық технологияларды қолданып орындалады;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінен тұрады.

5.2.5 Докторант академиялық күнтізбеде белгіленген күннен 1 апта (7 күн) бұрын ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ жұмысын Антиплагиат бағдарламасынан өткізіп, түпнұсқалығы 75 % және одан жоғары болған жағдайда семинарға жіберіледі.

5.2.6 Докторанттың ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ жұмысы Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры бекіткен семинарлар кестесіне сәйкес кеңейтілген кафедра мәжілісінде тыңдалып, бағаланады және хаттамамен рәсімделеді, алынған баға «Platonus» ААЖ-не енгізіледі.

5.2.7 Докторант ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелерін орындалу кезеңдеріне қарай (4-қосымша үлгісіне сәйкес) жарты жылдық немесе жылдық есеп түрінде жазбаша рәсімдейді.

5.2.8 Жыл сайын оқу жылы аяқталған кезде докторант жеке жұмыс жоспарын орындауы және ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелері бойынша факультет отырыстарында академиялық аттестаттаудан өтеді.

5.2.9 Докторлық диссертацияны орындау ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ кезеңінде жүзеге асырылады.

5.2.10 ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ-ның қорытынды нәтижесі докторлық диссертацияны дайындау және жазу болып табылады.

5.2.11 ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ орындау кезеңдері:

| Семестр бойынша жұмыс нәтижелері: | |
|---|---|
| **1-ші (бірінші) семестр** | **2-ші (екінші) семестр** |
| – докторант дайындайтын кафедраға 20 қыркүйекке дейін 1 курстың докторанты докторлық диссертация тақырыбын және ғылыми жекетшісін бекіту туралы факультет декан атына жеке өтінішін жазу;<br>– оқуға түскеннен кейін 2 (екі) ай ішінде отандық және шетелдік ғылыми жетекшілері Сенат мәжілісінде бекітіліп, бұйрықтың шығуы;<br>– 1 семестр ішінде докторлық диссертация тақырыбының бекітілуі;<br>- жеке жұмыс жоспарын бекіту негізгі іс-шаралар мен оларды орындау кезеңдерін көрсете отырып, диссертация бойынша жұмыс істеу жоспары жасалады;<br>- диссертацияда зерттелетін тақырып бойынша негізгі әдебиет көздерін іріктеп, зерттеу;<br>- компьютерлік технологияларды қолданып, деректердің өңдеу және түсіндіру әдістерін таңдау;<br>- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒССҚЕК) ұсынған басылымдарға берілетін мақала жобасын талдау;<br>– жеке жұмыс жоспарын орындауы және ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелері бойынша докторант дайындайтын кафедрада мәжілісінде баяндау түрінде (3-қосымша үлгісіне сәйкес) жарты жылдық жазбаша есепті беру. | – диссертация тақырыбы бойынша қазіргі заманғы әдебиеттерге (отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың тұжырымдамалары, пікірлері, теорияларына; қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарға шолу; таңдалған тақырып бойынша әлемдік тәжірибеге шолу), сондай-ақ автордың әзірленімге қосқан жеке өз үлесі.<br>– теориялық және эксперименттік жұмыстың жалпы көлемінің кемінде 30% орындалуы;<br>– БҒССҚЕК ұсынған басылымдарда кемінде 1 (бір) жарияланым болуы тиіс (8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) дайындық бағыттарынан басқалары);<br>– диссертацялық жұмысқа арналған нақты материалдарды жинау, соның ішінде деректерді жинау әдістемесін, нәтижелерді өңдеу әдістерін айқындау;<br>– БҒССҚЕК ұсынған басылымдарға берілетін мақала жобасын талдау;<br>– жеке жұмыс жоспарын орындауы және ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелері бойынша докторант дайындайтын кафедрада мәжілісінде баяндау түрінде (3-қосымша үлгісіне сәйкес) жарты жылдық жазбаша есепті беру және факультет отырыстарында жылдық жазбаша есепті баяндау түрінде академиялық аттестаттаудан өту. |
| **3-ші (үшінші) семестр** | **4-ші (төртінші) семестр** |
| – зерттеу тақырыбы бойынша теориялық және эксперименттік жұмыс көлемінің кемінде 50%-ын орындау;<br>– БҒССҚЕ ұсынған басылымдарда және халықаралық конференциялардың материалдарында кемінде 2 (екі) ғылыми жарияланымы болуы тиіс (8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) дайындық бағыттарынан басқалары);<br>– рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдардағы мақалалар даярлану бағытына берілетін мақала жобасын талдау; | – диссертацияның 1 (бірінші) және 2 (екінші) тарауларының мәтіндері дайын болуы тиіс, және де практикалық бөлімінде компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің қазіргі әдістерін пайдаланып, зерттеу пәнінің қазіргі жағдайына жан-жақты талдауы міндетті түрде қамтылуы қажет;<br>– диссертация тақырыбы бойынша жұмыс көлемінің кемінде 70% орындалуы тиіс;<br>– рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдардағы мақалалар даярлану бағытына байланысты ескеріледі, атап айтқанда:<br>а) 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, 8D06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары, 8D10 Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина), кадрлар даярлау бағыттары |

| | |
|---|---|
| – жеке жұмыс жоспарын орындауы және ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелері бойынша мамандық дайындайтын кафедрада баяндау түрінде (3-қосымша үлгісіне сәйкес) жарты жылдық жазбаша есепті беру, зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша ғылыми семинарда баяндама жасау. | бойынша Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) (бұдан әрі – JCR (ЖСР)) деректері бойынша белгілі бір квартильге кіретін басылымдар немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші бар басылымдар.<br>б) қалған кадрлар даярлау бағыттары үшін Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторға ие немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) бөлімдері) деректер базасында индекстелетін басылымдар; сондай-ақ Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша белгілі бір процентиль көрсеткіші бар басылымдар.<br>Егер JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы (немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) бөлімдері) деректер базасында индекстелетін) бар немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда 1 (бір) мақала болған жағдайда Басылымдар тізбесіндегі журналдарда 3 (үш) мақала болады.<br>– жеке жұмыс жоспарын орындауы және ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелері бойынша докторант дайындайтын кафедрада мәжілісінде баяндау түрінде (3-қосымша үлгісіне сәйкес) жарты жылдық жазбаша есепті беру және факультет отырыстарында жылдық жазбаша есепті баяндау түрінде академиялық аттестаттаудан өту. |
| **5-ші (бесінші) семестр** | **6-шы (алтыншы) семестр** |
| – диссертацияның тақырыбы бойынша жұмыстың кемінде 90% орындалған болуы тиіс, бұл орайда қорытынды бөлімінде зерттелген мәселені шешудің автор әзірлеген тетігі, болжамдық бағалауы және зерттеу объектісінің даму нұсқалары, оның қызметінің тиімділігіне оң әсер ететін келешек іс-әрекеттер қамтылуы тиіс;<br>– тиісті талаптарға сәйкес талап етілетін ғылыми жарияланымдардың болуы;<br>– жеке жұмыс жоспарын орындауы және ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ нәтижелері бойынша докторант дайындайтын кафедрада мәжілісінде баяндау түрінде (3-қосымша үлгісіне сәйкес) жарты жылдық жазбаша есепті беру. | – ғылыми зерттеудің нәтижелері ресімделіп, диссертацияның соңғы мәтіні дайын болуы тиіс, бұл орайда философия докторы (PhD бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға ұсынылған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертация қорғауға дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы №1111 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 121) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген ғылыми басылымдарда және (немесе) рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда жариялану болуы тиіс. |

5.2.12 ДҒЗЖ/ЭҒЗЖ орындау барысында докторант академиялық адалдық кодексінде баяндалған академиялық адалдық ережелерін басшылыққа алып, олардың сақталмауы үшін тиісті жауапкершілік шараларын көтеруі тиіс.

## 6 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

6.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс (Қосымша 5).

## 7 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

7.1 Осы бекітілген Университет Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, бекіту туралы сұрақты талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделіп, өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қайта бекіту туралы қаулы шығарады (Университет Сенатының мәжілісі 2021 ж. «24» 11 № 4 хаттамасы). Университеттің ректор өкілі және университетің ректоры тарапынан бекітіледі.

7.2 Осы қайта бекітілген Университет Ережесінің жұмыс данасын сақтау, көбейту және қолданушыларға жіберу үшін жауапкершілік Жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімінің басшысына жүктеледі. Осы өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қайта бекітілген Университет Ережесінің жұмыс нұсқалары факультет декандарына, Ғылыми істер жөніндегі декан орынбасарларына, кафедра меңгерушілеріне, магистранттар мен докторанттардың электронды почта адрестері және ватсап желісі арқылы бойынша жіберіледі.

7.3 Осы өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, қайта бекітілген Университет Ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

**КЕЛІСІЛДІ:**

| | | |
|---|---|---|
| Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры | ______________ | А.Ошибаева |
| Академиялық мәселелер вице-ректоры | ______________ | Э.Идрисова |
| Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры | ______________ | Пусат Пилтен |
| Заң бөлімінің басшысы | ______________ | Г.Мусаханов |
| Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы | ______________ | Ж.Дарибаев |

Қосымша-1

Ф-ОБ-001/194

